

ОӘЖ 821.512.122.09:316

АСҚАР АЛТАЙ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҚОҒАМ КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ШЫНДЫҒЫ

Әлімова Ләззат Қайратқызы

2 курс магистранты, «Филология» білім беру бағдарламасы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі кеңейіп, бүгінгі заман тіршілігіне бет бұрып, тақырып аясы кеңіген. Мақалада Асқар Алтайдың әңгімелері алына отырып, қазіргі қоғамның құлдырауы, адамдардың рухани төмендеуі сынды тақырыптардың өзегі ашылады. Жазушының шығармаларында кейіпкерлерінің мінезі мен жай-күйі жан-жақты ашылып, образдар жүйесі көркем түрде көрсетілген. Қоғамдағы адамдардың болмысына әсер ететін негізгі себептер әңгімелерді талдау барысында ашылып, анықталады. Мақалада адамгершілік қасиеттерден, ұлттық болмыстан, адамдық жаратылыстан алыс кетпеу керектігі дәріптеледі.

Кілт сөздер: Қазақ прозасы, Асқар Алтай, қоғам, ұлттық болмыс.

Асқар Алтайдың әңгімелерінде қоғам шындығының бейнеленуі түрлі деңгейде көрсетіледі. Ұлттық болмыстың өзгеруі, рухани құндылықтарымыздың құлдырауы, заманауи мәдениетке бейімделудегі қиындықтардың белең алуы, адамның азғындануы, экологиялық мәселелердің көбеюі сынды қоғамның негізгі өзекті тақырыптарын алға тарта отырып, оқырман қауымға астарлы ұғымдармен жеткізеді. Автордың шығармаларында сюжет бойлап қана отырмай, шығармаға арқау болған мәселелерді ұғына отырып, терең түсінік ала аласыз.

Қазіргі қоғамдағы дерттің бірі ащы судың кесірінен тағдыры тығырыққа тірелген азаматтың өмірін ала отырып, халықтың адамдықтан жиренгені «*Лайбаран*» әңгімесінде көрсетіледі. «*Иттен туып, іннен шыққан... «Иттен туып, іннен шыққан хайуан!» деді-ау! Өңешіне өт құйып жібергендей болды. Отыздың бел ортасына жеткенше талай талкек сөзді естісе де, дәл осындай кере кемсітушілікті құлағы шалмаған*» [1, 111] Әңгіме басталған уақытта құлаққа оғаш, түсініксіз оқиға басталады. Антарылып келіп, иттен туған, ит етін жеген, итіс-тартыс қоғам деген тіркестерді көре жатсынасың. Жазушының да көтеріп отырған тақырыбының арқауы да осы ит-тартыс өмірдегі иттік тіршілік жасап жүрген қоғамның бет-бейнесін ашу. «*Бәрі де сол студенттік күндерден басталды... Ырың-жырың жүріс, ырду-дырду думан үйіріп, қызды көрсе қызыл көрген бұқадай еліріп, қызыл шарап «Талас» пен мөлдіреген түссіз*

«Водка» құтыртып, аяғы бір курсты бітірместен әскерге кетіп тынған», «Әскерден арам тер болып келсе, Сейсен ауылда милиционер екен. Сейсен бұған Семейдегі оқуыңды жалғастыр деп кеңес берген. Қайырымы мол құдіреттің арқасында бұл оқуына орныққан. Бірақ ескі әдетінен арыла алмай, ішімдікке ат басын тағы бұрды. Ішіп жүріп Нұрайнаны жүкті қылып, онымен отау көтереді. Балалы болады. Бірақ бұлдыраған тірлікте табансыз боп шықты. Заһар суын қоя алмады. Институтты да тастады, Нұрайнадан да айырылды. Ауыл-аймаққа, ел-жұртқа, туған-туысқа барар бет қалмады. Жол кесілді. Қаңғалақтап жүріп Алматы асты.» [1, 112] Тірі адамның тіршілігінде жол көлегейлеп, кесел келтіретіндер болары мәлім. Міне, сол кеселдің бірі - ащы су. Жас күндерін арзан күлкі, арзан ойынмен өткізген Әкөн ішімдіктің соңынан кетіп, отбасын бұзды, қаңғырған қайыршыға айналды, мәнсіз тіршіліктің жолымен жүріп, өмірін құртты. Алматы базарында тіленшілік жасап жүрген жерінен сыныптасы Сейсен көріп, өзімен бірге Аякөзге әкеліп, Иван кочегардың қолына әкеліп тапсырған. Осыдан кейін Әкөн өзіне жат, жан түршіктіретін жағдайды көреді. «Бұл үш аша қармақ көмейінен қабылған кавказдық овчарканы аузын араңдай аштыра жетектеп жөнелді. Жаңа ғана жау алардай жалпылдап, дуал ішінде бос жүрген хайуан құйрығын бұтына қысып, сүлкөктей ерді» [1, 115], «Иван-кочегар бұған сыртқы есікті құлыптатып, көмір кіргізетін ұры есікті де жаптырып, ішінен ілгек салдыртты. Түн ортасы болып қалған мезгіл еді.

-Боти! – Ваня-кочегар Болат-бұзауды еркелете сөйледі. – Мүмкін, мына Акон бауыздар. Бұл да мұсылман зой...

-Мейлі, - деді Болат-бұзау иығын қиқаң еткізіп. Бұл болса:

-Жоқ! - деді жалма-жан. Дауысы да оқыс, тарғылдана шықты». [1, 116]

Әкөн қанша жерден ащы су тартып, қаңғалақ күй кешсе де, өзіне жат тірлікке бой үйреткісі келмейді, ит бауыздаудан қашады. Көзінше ит бауыздап, етін асып жеген кезде, Әкөн ит етін аузына да алмайды. Ит аулап, ит бауыздап, етін жеу қазақтың тіршілігіне де, дәстүріне де, жаны мен қанына да жат нәрсе. Әкөнге келгелі мейірім көрсетіп, қамқорлық жасап жүрген Иван-кочегарының бұл тірлігінен ол шошынған. Төрт түлік қалып, иттің етіне ауыз салған азғындар адамшылықтан алыстаған. Хайуандық тірлікке еті сіңген Иван-кочегар мен «ит сойғыш» атанып кеткен Болат, одан қала бере досы Сейсен, тіпті оның бастығы да ит етінен дәм татып жүрген екен. Қоғамда осы кейіпкерлер секілді ит тұрмақ адамға шабатын небір адамдықтан ада кеткендер бар. Зұлымдық жасап, зұлмат тірлігіне масаттанатындарды да кездестіресің. Ұлттық болмыстан жырақ бұл әрекет қанға қашан сіңіп, қайдан келген? Адамның билігі күшейген сайын, жасайтын тірлігі де өзгерген.

«Әкөннің санасын тұман тұтып, көзін қан басты. Қан аралас түкірігін тағы да түкіріп, пеш аузына жақын жатқан қайраулы балтаны барып алды.

Қайырылып ит қасына келді. Тістенген қалпы аузына толған қасқа тістің қанын енді түкіріп тастамай, жұтып жіберді.

-Эфенди, - деді тұздай көзін қадаған Иван-кочегар, -балта өткір, бір-ақ сілте! Қорықпа!

-Неге қорқам?

-Е-е-е, бәсе! Аюға да жан керек... ха-ха-ха!

-Қорықсаң сен қорық... бұл сөздің аузынан қалай шығып кеткенін Әкөн-әпендінің өзі де сезбей қалды.

Қандай түлен түртіп, қайдан қайрат біткенін қайдам, ол қылпылдаған жүзді жалпақ балтаны итке емес, отырған адамға жұмсады. Бұл бір ешкім күтпеген, әрі шапшаң қимыл болды.» [1, 118] Өзіне айтылған кемсітушілікке, мазаққа, қорыққа шыдамаған Әкөннің бойынан өз дінінен аттамаған азаматтың намысшылдығын көреміз. Әңгіменің соңы трагедиялық оқиға Әкөннің Иван кочегардың қас маңдайына балтамен шабуымен аяқталады. Қазаққа ит егін жегізген қоғам ит тірлікке де бойларын үйреткізген. Жазушының әңгіме арқылы айтар ақылы, салар ойы адамилықтан аттап кетпеу.

Қаламгер қолынан шыққан келесі кесек бір туындысы байлық қуып, дүниеқоңызға айналған, ойынкұмарлық пен адамдықтан аттаған, рухани азғынданғандардың, қоғамның моральдық дағдарысын көрсеткен «Казино» әңгімесі. Әңгіме Жошы есімді кейіпкердің мағынасыз, мәнсіз өмірінің «Пирамида» казиносындағы ойынкұмарлығынан бастау алады. Асқар Алтай әңгімеде ретроспективті әдісті қолдана отырып, кейіпкердің өміріне шолу жасайды. Жошының ішкі әлеміне тереңірек енгізіп, оның психологиялық күйін түсіріп, ішкі сезімдерін сезіндіреді. «Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат...» деп әңгіменің басталуынан-ақ, қоғамдағы адамдардың адами қасиеттерінен арылып бара жатқанын түсінеміз. «Байланатын да жөні бар - қатыгездіктің... Оның алғашқы дәнін еккен де сол. Әкесі. Сосын шешесі. Мұның төрт, бәлкім бес жасында бір-біріне пышақ ала жүгірісті. Бұл тұңғыш рет қызыл қанды көріп шошынған. Қатты шошынды! Қайсысының білегін орып кеткені есінде жоқ, әйтеуір диван үстінде шоқиып отырып, үн-түнсіз бақылай, бақырая қарап қалғаны жадында. Сол бір сұмдық қанды сурет мәңгі есінде тұтылған.» [1, 90] Жошының қанының қарайып, қатыгез болуының негізгі себебін көреміз. Ата-ананың бала алдындағы осы бір әрекеттері оған өмірлік травма әкелген. Қазіргі қоғамдағы ең күрмеуі қиын мәселенің бірі бала алдындағы әке мен шешенің ұрысы, бір-біріне қол көтеруі, ессіз әрекеттері. Бала Жошының өмірінің түбегейлі өзгеруіне алдымен себеп болған ата-анасы арасындағы оқиға, одан кейін сүйген қызының берген уәдесінен аттап, сенімін сөндіріп, сезімін сөгіп, тастап кете баруы. Сүйгені екеуінің сөз байласқанындай «бірге өлеміз» дегеннен қорыққан шығар, бәлкім. Жошы одан кейін әйел затына суық қарайтын болған. Әйелімен де ажырасып, бауыр еті баласына да бүйрегі бұрмайтындай қатал, суық, қатыгез пендеге

айналған. Оның қазіргі өмірі - «Хрусталь Храмда» өтіп жатқан ойынқұмарлығы, жанқұмарлығы.

«Қызыл қыш кірпіштен төрт құлақтап көтерген зиратқа іштей тағзым етті. «Ана, кешір! Мен ақымақпын. Бүгін өзіңізге бас иіп кетуге келдім. Ендігі тағдырым қалай тайқарын білмеймін... білетінім сіздің мейіріміңіз. Сол гана сүйеу, сол гана медет. Қош, ана! Қоштасуға келдім, енді жолым түсуі екіталай... Кеш, ана!», «Ауылдың құбыла бетіндегі қорым басында тұңғыш рет құран оқылмады...» [1, 90] Бала кезінен еркелетіп өсірген апасының бейітіне келіп сыр ақтарған Жошының апасына деген сағыныш сезімінің сарынын байқаймыз. Тұңғыш рет бейіт басында құран оқылмады деп жазушы, діннен алыстағандықты білдіреді. Ертеден бері о дүниелік болған адамға құран бағыштап, Алла алдында кінәсі өтелсін деп дұға жасау ұлттық қанымызда қалған нәрсе.

Әңгіме Жошы мен казинода жұмыс жасайтын қыз Есілай екеуінің арасындағы диалог арқылы өрбіп, жалғаса түскен. Әкесінің билігі бар генерал екендігін, алтынмен апталып, күміспен қапталған дүниені жинаған дүниеқоңыздар, қу дүниенің құлдары екендігін баяндайды. Міне, сол азулы әкесінің арқасында тойынған өмірін кешіп жүр. Оқу орнын ойнап жүріп бітірген, қызық қуып, қыз артынан еріп, бұзықтықпен болмысын өзгерткен. Жегені алдында, жемегені артында өмірі барында жұмыс та жасамаған. Адамшылыққа тән бір арлы істе бітірмеген байдың баласы.

Бейіт басынан ерген Ажал мен Жошы арасындағы диалог - қазіргі өмірінде кешіп жүрген тіршілігі сайтан тіршілік, лас қоқысқа толған лас өмір екендігін ұқтырады. Жошы да бұл тірлігін бұрыннан білген, үнсіз келіскен. Жас кезіндегі пәктігі мен тап-таза жүрегі, кірленбеген ары қазір арамдыққа, қулыққа, құмарлыққа биленген, адамдығынан алыстаған.

Пенде бүлінген дүниені бүлдіруге дайын, қоғамға кінә артып, өзін тазалап алуға шебер. Қоғамды құбылтқан да екі аяқты пенденің өзі. Дүние артынан дүние қуып, қызылды, жасылды өмірге қызыққан пенде адамдығынан алыстаған, арамдыққа жанын жақындатқан. Сондай-ақ, жазушы «Түсік», «Көзжендет» секілді әңгімелерінде де адамдардың болмысынан ажырап бара жатқанын, қасиеттерінен алыстағанын баса назар аудартады.

Қорыта келе, қоғамның айнасы адам екенін, оны көркейтетін де, қоқысқа айналдырып, аздыратын да адам екенін білеміз. Соқыр қоғамды, саңырау қоғамды жасайтында өзіміз, сырқат сананы сауықтырып, берік қоғамды да жасайтын өзіміз. Адам адамдығынан ажырамаған кезде ғана, ұлы істерді, ұлтқа қызметті атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асқар А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. –Алматы: «Арда+7», 2013.
2. Әуезхан Қ. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 8-том. Постмодернизм және мәдениет. –Алматы: Жазушы, 2006.
3. Балтабаева Г.С. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: Повестер мен әңгімелерге шолу, талдау. –Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016.

СОЦИАЛЬНАЯ ВИДИМОСТЬ И РЕАЛЬНОСТЬ В РАССКАЗАХ АСКАРА АЛТАЯ

Әлімова Ләззат Қайратқызы

Расширился художественный горизонт современной казахской прозы, она обратилась к современной жизни, расширился объем тематики. На основе рассказов Аскара Алтая в статье раскрывается суть таких острых тем, как упадок современного общества и духовное упадок людей. В произведениях писателя подробно раскрываются характер и состояние героев, художественно представлена система образов. В ходе анализа рассказов выявляются и определяются основные причины, влияющие на существование людей в обществе. В статье подчеркивается необходимость не отходить далеко от моральных качеств, национального самосознания и природы человека.

Ключевые слова: Казахская проза, Аскар Алтай, общество, национальная идентичность

SOCIAL VISIBILITY AND REALITY IN THE STORIES OF ASKAR ALTAY

Alimova Lazzat Qairatqyzy

The artistic horizon of modern Kazakh prose has expanded, it has turned to modern life, and the scope of topics has expanded. Based on the stories of Askar Altai, the article reveals the essence of such pressing topics as the decline of modern society and the spiritual decline of people. The writer's works reveal in detail the character and state of the characters, and artistically present the system of images.

During the analysis of stories, the main reasons influencing the existence of people in society are identified and determined. The article emphasizes the need not to stray far from moral qualities, national identity and human nature.

Keywords: Kazakh prose, Askar Altai, society, national identity.

REFERENCES

1. Askar A. Killer recovered. Tales and stories. -Almaty: "Arda+7", 2013.
2. Auezkhan K. World cultural studies mindset. Ten volumes. Volume 8. Postmodernism and culture. -Almaty: Writer, 2006.
3. Baltabaeva G.S. The artistic world of Kazakh prose during the period of independence: review and analysis of stories and stories. -Almaty: "Karatau KB" LLP: "Tradition", 2016.